

Железин ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 15 маусымдағы "Ауданның жеке санаттағы азаматтарына әлеуметтік төлем тағайындау бойынша Нұсқауды бекіту туралы" N 169/5 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 2 желтоқсандағы N 317/11 қаулысы. Павлодар облысы Железин ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 3 желтоқсанда N 12-6-81 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі N 103/4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2010.04.01 N 103/4 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 14)-тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Железин ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 15 маусымдағы "Ауданның жеке санаттағы азаматтарына әлеуметтік төлем тағайындау бойынша Нұсқауды бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде N 12-6-75 болып тіркелген, 2009 жылғы 11 шілдедегі аудандық "Родные просторы" N 28 газетінде жарияланған) N 169/5 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген ауданның жеке санаттағы азаматтарына әлеуметтік төлем тағайындау бойынша Нұсқауында:

"Жекелеген әлеуметтік төлем алуға құқығы бар азаматтар санаты" деген 2-б ө л і м д е :

8 - т а р м а қ т а :

20) тармақшада "әлеуметтік сала мамандары" деген сөздер "жас дәрігерлер (29 жасқа дейінгі)" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 28), 29) тармақшалармен толықтырылсын:

"28) Павлодар қаласының арнаулы білім ұйымында оқытылатын есту қабілеті бұзылған мүгедек балалар, сондай-ақ оларды шығарып салушы тұлғалар;"

"29) 18 жасқа дейінгі балалары бар мүгедек әйелдер, балалар церебриалды параличі диагнозымен ауыратын балаларды тәрбиелейтін жалғыз басты әйелдер, бейбіт уақытта әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметкерлердің отбасылары.";

"Әлеуметтік төлем мөлшері" деген 3- бөлімде:

9 - т а р м а қ т а :

18) тармақшада "11000" деген сандар "200000" деген сандармен ауыстырылсын;

20) тармақшада "3" саны "5" санымен ауыстырылсын;

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"25) 8-тармақтың 27) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін – жеке ауласын дамыту және өздігінен жұмыспен қамтылу үшін 70,0 мың теңгеден, жем-шөп сатып алу үшін 30,0 мың теңгеге дейін бір жолғы материалдық көмек (ауыл шаруашылығы малдары бар болған жағдайда);"

мынадай мазмұндағы 26), 27) тармақшалармен толықтырылсын:

"26) 8-тармақтың 28) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін – айына бір рет жолақысына берілетін 3 АЕК мөлшерінде материалдық көмек;"

"27) 8-тармақтың 29) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін – екі кезеңдік басылымға жазылуға 3 АЕК мөлшерінде материалдық көмек;"

"Қажетті құжаттар тізбесі" деген 4-бөлімде:

11 - т а р м а қ т а :

12) тармақша алынып тасталсын;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) 8-тармақтың 28) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін – баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, азаматтарды тіркеу кітабы, медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасының көшірмесі;"

мынадай мазмұндағы 20) тармақшамен толықтырылсын:

"20) 8-тармақтың 29) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін – баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, медициналық-әлеуметтік сараптама анықтамасының көшірмесі, қайтыс болу (қаза табу) жөніндегі хабарламаның көшірмесі. " .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А у д а н ә к і м і н і ң

міндетін атқарушы

Б. Аужанов